

ҰЗАҚБАЙ ДОСПАНБЕТОВТЫҢ «АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ТУЫ» ТАРИХИ РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Жарылғапов Ж.Ж., Садыханова А.

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ.*

XXI ғасырда көркем әдебиетіміз тәуелсіздік туын көтерген алғашқы жылдар табысына арқа сүйей отырып, тарихымыздың ақтандақ олқылық орнын толтыра түсуде. Жазушылар Ұзақбай Доспанбетов пен Жанат Ахмадидің бірі тетралогия, екіншісі трилогия іспетті жанрда жазған, тағы да қазақ тарихындағы ең бір қасіретті уақытқа, халқымызды екі ғасыр бойы аттан түспей соғысуға мәжбүр еткен жоңғар шапқыншылығы оқиғаларына арнаған туындылары да көзі қарақты оқырман назарына ілігіп үлгерді. Сында ізденімпаз, ысылған шебер жазушылар аталып жүрген бұл қаламгерлердің шығармалары бірін бірі және осы тақырыптас, бұрын дүниеге келген романдарды қайталамайды. Материалы тың, сурет, образы өзгеше сомдалған.

Жазушы Ұзақбай Доспанбетовтың бірінші кітабы 2004, екінші кітабы 2008 жылдары жарық көрген «Абылайдың ақ туы» атты екі кітаптан тұратын тарихи романы ертеректе жарық көрген «Қызыл жолбарыс» (2000) роман-диалогиясының заңды жалғасы.

Мәселе туындының іргетасы қазақтың жалайыр тайпасының тағдырын суреттеуге бағышталған материалдан қаланғандығын тетралогияға үлкен панорамалық сипат дарытады. Романның эпикалық құлашы мейлінше кең. Жазушы Ұзақбай Доспанбетов шығармасының бұған дейінгі біршама тарихи, тарихи-өмірбаяндық туындылардан өзгешелігі, аталған тақырыпты сол кездегі қырық ру - қырық құрақ қазақ елі трагедиясын жан-жақты суреттеумен бірге, басқыншылыққа салынған, содан барып сорлаған Жоңғария мемлекетінің жер бетінен жоғалған трагедиялық тағдырын қоса саралап қорытады.

Қазақ әдебиетінде тарихи жанр тәуелсіз ел-жұртымыздың ұлттық сана-сезімінің өсуіне байланысты дамыды. Халық басынан не өтпеді? Бұйырған ризығын сақтап қалу үшін алысты,

жұлысты. Сан ғасырлық тірлігінде жеңілді, жеңді. Халқымыз өз тарихын өзі жасады. Ата-бабамыздың сол қиямет қиын жолда көрсеткен қайрат-жігері енді бүгін бізді рухтандыруда.

Халықтың сол қым-қиғаш, алмағайып жай-күйін суреттеу үшін қыруар материал керек. Ұзақбай Доспанбетовтың тетралогияны жазар алдында дайындық жұмысын аса бір ыждағаттылықпен жүргізгені байқалады. Ол ел жадында сақталған әңгіме, аңыздарды Мұқият жиюмен қатар, Алматы, Талдықорған, Шымкент, Мәскеу қалаларындағы мұрағаттарда сарылып көп ізденген. Бай дерек жинақтаған. Мұның өзі жоңғарға қарсы Отан соғысының бүге-шігесін, ерекшеліктерін Ұзақбайдың романының қызықты, дәмді етіп жеткізуіне негіз болған. Қайсыбір шығармаларда қазақ сарбаздары 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы кезіндегідей оп-оңай әскер боп топтаса қояды ғой. Мұндай рет-мөлшері солай болар-ау деп топшылап суреттеуден Доспанбетов тетралогиясы мүлде ада.

1728 жылдың жазында Ордабасы атты тоқпақтай ғана тау маңайында исі қазақтың жақсы мен жайсандары, хандары, биі мен батыры, шешені мен көсемі бас қосады. Бұл енді Бадам өзенінің төменгі сағасына таяу жер. Бадам мен Боралдай қосылып Арыс өзеніне айналатын түс. Сол кеңесте Әбілхайыр хан үш жүздің біріккен күштерінің қолбасшысы болып тағайындалады. Енді романның мына бір жолдарына үнілелік.

«Тіпті басқаны қой, сол Әбілхайырдың өзі шыққан алшын елінің бұрынғы кемеңгері, бұл күнде жаны жаннаттағы Әйтеке би Бәйбекұлының о дүниеге аттанар сәтінде «Мен Әбілхайырдан түңілдім. Кіші жүзге басқа көсем керек» деген өсиеті қайда қалды? Осындағы ұлы жүз, үйсін елінің бүгінгі ғұламасы Төле бидің «түлкі түмсық жан екен, Әбілхайырға сенім арту шалалық» деген әулиелігі неге тәрік етілді? Енді сөл Төле бидің, үш жүздің ұлы ханы Болаттың ұйтқысымен Жетісу мен Арқадан, Қаратау бойы мен Сырдариядан, Жайық пен Арал ойысынан ат арытып жеткен дуалы ауыздардың сол бір талайдың тұла бойын мұздатқан Әбілхайырды бастарына моншақ етіп көтергендері не сас-қандары? Қай сайтанның азғыруымен жүзеге асқан шаруа? Ата жауға қарсы күресте еркек кіндіктің делебесін қоздыра білген Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, алшын Тайлақ, Есет, үйсіндегі Саурық, Саңырық,

Хангелді сынды сақа батырлардын ауызға ілікпеуіне не себеп?»
[1]

Бұл Есенгелді бидің монолог-толғақтарының бірі. Қойған сауалының жауабы тағы да сол баяғы бірлік мәселесіне тіреледі. Тұтас романның әр тұсында Әбілхайыр ханды қазақылыққа жараспайтын қараниет қылығымен көз алдымызға әкеле береді. Автордан әлдебір агрессиялық күй сезілетіндей. Өздері титықтап Жетісудан тоз-тоз боп жеткен Жарықбас Есентүгел би басқарған жалайыр-балғалыларын қан қақсатып шапқаны, Төле бидің екі дүркін хат жазғанда ғана әрең деп тұтқын қылған жалайырларды босатып, айдап әкеткен малын қайтарғаны, қарақалпақтардың да қолтығына су бүркіп, қазақ босқындарын тонататыны, т.б. мысалдар өте көп. Әбілхайыр ханның қолбасы сайлануының да түп тамыры осы бірлік мәселесіне байланысты. Еділ бойындағы қалмаққа, не терістіктегі башқұртқа, не Хиуа хандығына, қарақалпаққа, қала берді қазақтың босқын руларына ұдайы ұрынып жүретін Әбілхайыр хан шектен шыққан баққұмар қылып суреттелген. «Оған қолбасшы сияқты биік мансап ұсынбасаң кіші жүзді мына алдағы соғысқа қатыстырмауы кәміл» - дейді автор, - сондықтан әлгіндей дәреже ұсынылып еді, әскерімен жетіп келді...

Екі күнге созылаған шайқастағы жекпе-жектер тұсы аса әсерлі суреттелген екен. Қазақтың тарихи тұлғаларының, баһадүр батырларының бірін қалдырмай, әрбірін жеке-жеке батырлығымен оқырман алдына ұсынуда автор шеберлік танытқан. Мысалы, алғашқы жекпе-жекті қалмақ жағынан шыққан Аңырық батыр мен біз жақтан Қанжығалы Бөгенбай бастайды. Екеуі де бекзадалық мінез дарыған. Сайыс барысында Бөгенбайдың найзасының сабы ортасынан омырылып түседі. Мұны көрген қарсыласы өзіне тиімді жағдайды пайдаланбайды. Ол өз найзасын лақтырып жіберіп, қолына шоқпар ұстайды. Екі батыр шоқпар сілтесіп жүргенде Аңырықтың мінген тұлпарының аяғы зақымданып, тұралап қалады. Атыңның ақсап шойнаңдауы қаруыңнан айырылып қалғаннан да қатерлі. Дұшпанды күтпеген жағынан шығып, турап тастауға толық мүмкіндік туады. Алайда Бөгенбай батыр да өзіне қолайлы сәтті пайдаланудан тартынады. Сайысты тоқтатады. Қазақ батырының мәрттігім сенен кем емес деген ишарасын түсінген Аңырық атының басын өз жасағына

бұрады. Бөгенбай да сөйтеді. Сөйтіп ілкі жекпе-жек тең аяқталады. Жекпе-жек екі күнге созылады. Жалпы алғанда сайыста қазақ батырлары басым түседі. Жекпе-жектегі бекер созылғанына, әскерінің рухын түсіріп, жігерін құм етіп алғанына қалмақтардың қанқұйлы сарбазы Сары-Манжы артынан өкінеді.

Міне, осы жекпе-жекте кезінде Төле бидің түйесін баққан Сабалақ атты жас жігіт көзге түседі. Абылайлап ұрандап шапқан ол, қалмақ қонтайшысы Қалдан-Сереннің күйеу баласы Шарыштың басын кесіп ұлы хан Болат пен бас қолбасшы Әбілхайырдың мінген аттарының аяғына тастай береді...

Енді қан майданға мыңдығын бастап Қаракерей Қабанбай батыр шығады. Қалмақтар да ұрысқа мыңдығын қосады. Өстіп мыңдықтар сайысы бірте-бірте екі жақ әскерлерінің айдан астам айқасына ұласады. Жеңілген қалмақ ұлардай шулап, өкіріп жылап қалған-құтқан әскерлерімен Алатау баурайына қарай қашады.

«Абылайдың ақ туында» автор қазақ халқының кей бөлегінің мінезіне кенедей жабысып кетпей қойған және бір пасық психологияны Қарабек дегеннің жиіркенішті образы арқылы ашақан. Есімінің өз аса ықтиярлықпен тандалған бұл кейіпкер ақтабан шұбырындының қарсаңында қалмақтарға бодандыққа мойынсұнайық, сонда мал-басымыз аман болады деп, Төле би маңындағы елді азғыруымен көзге түскен. «Төле би ымырасыздықпен бет қаратпағасын, би ауылынан шалғайырақтағы ел-елдің, ру-рудын бас көтерерлерін іштен кеміріп жеп, «ештен кеш жақсыны» үстемелетіп, өз насихатын одан әрі жалғастырады» [1, 247]. Қасына жоңғар қонтайшысының нөкерлерін ертіп алғаны оның негізгі миссиясын анықтай түседі.

Күштінің алдында құрдай жорғалау психологиясын бір Қарабектің басына ғана салмаған. «Абылайдың ақ туы» романының екінші кітабында тізе бүгу (капитулянтство), су жүрек қорқақтық, жасықтық көріністер арқылы Әбілхайыр ханның кіші жүзді, Сәмеке ханның Орта жүзді, солардың ізімен Жолбарыс ханның ұлы жүзді Ресейдің табанына салу саясатын жүргізгені арқылы сатқындық прототиптері ретінде суреттеген. «Оларды хан деп, төре тұқымы деп, неменесіне мойнымызға артып жүрміз осы» [1, 256], - деген күңкіл қазақ батырларының арасында тегіннен тегін шықпаған дейді автор.

Тарихи роман — халық өмірінің өткен-кеткенінің айнасы. Халықтың белгілі бір дәуірдегі көркемдік эпопеясы. Осыны көкейіне мықтап қондырған жазушы ел-жұрт тірлігін жан-жақты көрсетуге ұмтылады. Ұлы тарихи бетбұрыстардың жаңғырығын хан, батыр, билердің ғана емес, қарапайым адамдардың күнделікті өмірінен аулауға тырысады. Соғыс қару-жарағын шындау үшін күн-түн демей ақ тер, көк тер еңбек етіп жатқан тамам ұста, өрімші, ерші, етікшілерді көргенде Қабан жырау мен Ескелді бидің арасында өткен әңгіме — айтылғанға нақтылы айғақ.

« - Шіркін, «ел іші кеніш» қой.

« - Рас айтасыз, жырау аға! Қазақты анаусың-мынауысың, ала қойды бөле қырқасың деп жазғырғанда аузымыз аузымызға жұқпайды... Ал, мен ойлаймын, пәленің бәрі қалың қазақта емес, солардың былай басын біріктіріп, іштегі алтын кенішін ырысқа айналдыруда мына біздердің, бізден де өресі биік ел басшыларының, серкелерінің оралымсыздығы, бойкүйездігі сияқтыларда ма деймін» [1, 11].

Қалың қазақ дуалы ауыз үлкендердің, ел сөзін ұстаған ағалардың ақылына ден қойғыш. Ескелді бидің: ұшы-қиырсыз далада бытырап жатқан қазақ, бұл сөзіме құлақ сал: «жеке дара қоқандасақ шатымыз айырылады, бүкіл қазақты көтерейік, Арқаның да, Сыр бойының да, басқаның да сардар, сарбаздарын бір тудың астына топтап, бастарын біріктірейік. Сонда ғана туымыз жығылмайды... жығылсақ, өзіміз жығылайық, тек ту жығылмасын...» деген сөзі барша ел-жұрттың ауыздан ауызға көшкен қағидасына айналады.

Қаламгер Ұзақбай Доспанбетов шығармашылық, сюжеттік қатынастарынан романының бірлік туралы идеясы табиғи туындайды. Және оның әр жерінен тігісі жатық күйінде көкейіне қона кетеді. Өйтетіні тәуелсіз елінің бүгінгі мұң-мұқтажымен үндес.

Роман тақырыбының «Абылайдың ақ туы» аталуының өзінде терең мән бар. Солай аталса да бұл шығарма Абылай хан өмірі туралы тарихи шығарма емес. Роман оның Сабалақтан сұлтан, сонсоң ханға дейінгі өсу белестерін суреттейді десек те, Абылай — шығарманың Төле би Әбілхайыр хан, Ескелді би, Балпық батыр секілді көрнекті кейіпкерлерінің бірі ғана. Ал,

романның «Абылайдың ақ туы» аталуының жөні бір басқа. Бейнелі сөздің, біздіңше, рәміздік белгісі бар...

Абылай Сабалақ атанып жүрген кезінде бір уақ Төле бидің қасынан табылмай қалады. Сөйтсе ол өз бетімен қазақтың ен даласына барлау жасап, маңызды ақпар алып келген екен. Жас жігіттің ұшқыр ой-ақылына қайран қалған Төле би: «Осы Сабалақ биыл неше жаста? Небәрі он бесте ғой. Ал мынасы он бестегі баланың қолынан келмейді ғой?» - деп ойлайды.

Сабалақ әкелген ақпар отырғандарға жай түскендей әсер етеді. Ертіс бойында күйген кірпіштен биік қабырғалы бекініс салып жатқан «жирен шаштыларға» еліктеп, қалмақ Іле мен Шудың бойында сондай бекініс қала салмақшы... «Анау Торғай қаласындағы шайқаста қалмақтардан басым түстік деп, сіздер масайрайсыздар. Ал менің пайымдауымша тап сол Торғайда, қайсысы тағы, Бұланты, Қарасиыр деп едіңіздер, тап соларыңызда ата жаудың қылшығы да қисаймаған сияқты» [1, 269].

...Сабалақтың Абылайға айналған хикаясы жоғарыда сөз етілді. Романда аты аталуы мұң, әрдайым тұлғасының тағы да бір қырынан жарқ етіп көрінеді. Өткен ғасырлардың өлшемінде батырлық – үлкен мәртебе. Сол ерлік драматизмінің кейіпкері Абылай романда өзгеше бөлек реңк алған. Мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан жас жігіт «Абылайлап» Шарыштың басын домалатуға аттанғанда да, содан кейін Болатханның мұрагері Әбілмәмбеттің көзінше «...Абылай! Абылай! Абылай!» деп үш қайтара айқайлап, алда соғысып жатқандардың арасына күмп беріп қойып бергенде де ерекше рәміздік құбылыс белгі береді. Қазандай қайнаған топырдың арасына не өмір, не өлім деп кірген сәтте тағы да Абылайдың «төбесіндегі ақ қанатты құс сияқтанған белгісі қайта белгі берді. Ақ құс па, жоқ ту, ақ ту...» [2, 181].

Рәміздік (символдық) белгі деп отырғанымыз осы - ту. Тіпті ту деп тұспалдау да аздық етеді. Бұл енді эстетикалық категорияға жататын образ, оның көркемдік бейнемен ауылдас ерекше түрі. Тұспалмен де (аллегория) орайластығы бар. Бірақ оның дәл өзі емес. Рәміз, символдың сан қырлы мән-мағынасы көркем шығарманың нақтылы контексіне байланысты ашылмақ. Ұзақбай Доспанбетовтің романында суреттелетін жойқын қырғында Абылайды қорғап сақтап жүретін мифологиялық образ

қазақ ұғымындағы кие бейнесіне жақын. Абылай аң аулап жүргенде қалмақтың қолына түсіп қалады. Қалдан-Серен күйеу балам Шарышты өлтірдің деп қатты ашу үстінде Абылайдың маңдайына қарай алтын балдақты сала құлаш қылышын сілтеп кеп жібереді. «Абылайдың төбесіндегі ақ құс сияқтанған бірдеме жарқ етіп, кесекөлденеңдеп қылышты тіреп қалады» [2, 408]. Мұндайды қазақ киесі қақты дейді.

Романның соңғы беттерінің бірінде «Абылайдың ақ туы әрдайым тігінен тұрса қазақ адаспайды!» [2, 409] делінген. Адамның шарты Абылайдың арманы түрінде тұжырымдалған. Қазіргі біздің ұғымымыздағы тілмен айтқанда, бағдарлама іспеттес.

«Бірінші арманым, - дейді тұтқындағы Абылай хан, - ...орыстарға қала салып, отырықшы етіп, қазақты біріктіре алмадым... екіншісі, қазаққа жер емшегін емізе алмадым... Үшінші арманым, Шаршы топта, қан майданда өлмей қапыда қолға түсіп өлдім-ау деп қан жылағаным. Төртіншісі, қазақ пен қалмақ тілі бір, тұрмысы бір халық, дініміз басқа болғанмен құдай біреу ғой, сол жағын қалмақтарға ұғындырып, бір жағымыз орыс, бір жағымыз қытай, солардан бірлесе қорғануға иліктіре алмадым» - деп армандайды [2, 409].

Еліне аман-есен қайтып оралған Абылай хан сол армандарын жүзеге асыруға тырысқан, тырыспағаны айтылмайды, бұл мәселе көмескі күйінде қалады. Абылай ханның нағыз күшіне енген жылдары тым асығыс баяндалған. Романның аяқтамасы, финалы хабарлама стиліне көшкен. Кейіпкерлерінің ақыр демінің қашан таусылғаны жайлы ақпардан аспайды. Абылай мен Ескелді бидің монументтік бейнелеріне жарықшақ түсіретін қысыр әңгімеге беріліп кеткендік те байқалады. Абылай мен Ескелді би бір-бірімен дұрдараз боп, қайтып көріспей қояды. Сонда не үшін кетіскен? Оқыста қолды болған бір қылқұйрықтың дауына бола!.. Бүйтіп ұсақтау Абылайдай алып тұлғаны былай қойғанда, «өзіміз жығылсақ та туымыз жығылмасын!» деп ұран тастайтын Ескелді бидің ірілігіне де нұқсанын тигізіп тұр.

Қысқасы тетралогияның түйіні түйінделмей қалған. Ал, ондай қорытындыға лайық эпизод «Абылайдың ақ туының» өзінде жетерлік. Жоңғармен алыса-алыса шаршағанда, әлдебір сарыуайымға салынған энеу бір жылдары Төле би өз өкімімен

жалайыр Өтеген Сәбденұлын, дулат-жаныс Өтеген Өтеғұлұлын «Жерұйық» іздендер деп жаһан кезуге аттандырған болатын. Бұлар Әмудария жағалауынан бастап Ауғанстан, Кавказға дейін дүниенің жерін шарлап қайтады. Сол қос Өтегеннің екі жылдан соң елге оралып, жасаған баяндамасын тындап отырып, Төле би келешек ұрпақтың жадында мәңгі сақталатын сөз айтады.

«- Ағайын-туған! Қарындас ел! Алты алаштың азаматтары! Мына жарты әлемнің тау мен тасына табандарын тоздырған мұзбалақтарымыз дұрыс айтады! Жердің құты Алатау мен Қаратау! Одан әрідегі Жетісу! Жердің құты, жерұйық дегеніміз, міне, солар! — деп Төле би саңқылдағанда зеңгір көк әйнекше шытынап, ойдан-қырдан жиылған дүйім көптің төбесіне құлап түсердей әсер қалдырған» [2, 413].

Тетралогияның аяқтамасын Төле бидің осы толғанысымен бітірсе, исі қазақтың ел мен жерге деген перзенттік сүйіспеншілігін жырлайтын шығарманың пафосы, сөз жоқ, орнын табар еді.

Жалпы алғанда Ұзақбай Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы» романы - әдебиетіміздің соңғы жылдарының татымды табысы екенін айтуға тиістіміз. Роман Қазақ тілінің бай қорымен қоректенген. Жазушы өткен ғасырлардың тілдік, стилистикалық қазынасындағы асылды термелеп, көнеріп, көмескіленіп бара жатқан архаизмді бүгінгі тіліміздің кестесіне үйлесімді енгізіп, қайтадан жарқырата түскен.

Құр ділмарлыққа салыну, шешен сөзді орнымен қолданбау көркем прозаға абырой әпермейтіні белгілі. Ал, қазақтың шешендік сөздері билер аузынан төгілгенде сұлу шырайлы, төкпе, тасқынды, терең сырлы қасиетін өрлетіп түспек. Жазушы Ұзақбай Доспанбетов иесін тапқан тіл типтендіру құралы ретіндегі рөлін ойдағыдай ойнайтынын жақсы түсінген.

«Абылайдың ақ туы» авторы кейіпкерлеріне өз заманының дәстүрінде «киім кигізуі» де құптарлық талап. «...Қырсық шал одан әрі көсілді. Енді киіз қалпағы мен үстіндегі қысқа жемді алаша шапаны қоса желп-желп етіп, әлдебір құстың ұшып-қонысын еске салаларлықтай» [2, 259]. Сансыз аяққа киіз сырмақ сияқты шыдас беретін жолақты және терме алаша енді ақ боз көйлектің үстінен киіліп, ыстықты-суықты, боранды-шашынды

күндердің бәріне төтеп беретін жортуыл заманның тозбас киіміне айналған... Мұндайды уақыт тынысын сезіну деп атайды.

Ұзақбай Доспанбетов - кең өрісті, панорамалы, зерттелуі қапысыз, жаңалығы мол шығарма тудырып, мына төрт кітабымен қазақтың тарихи романы қорына елеулі үлес қосқан.

Пайланылған әдебиеттер тізімі:

1. Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. Тарихи роман. Бірінші кітап. Алматы: Мерей, 2004. – 363 б.
2. Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. Екінші кітап. - Алматы: Самара-Принт. 2008.

АЛАШТЫҢ ТҰҢҒЫШ ГАЗЕТТЕРІНІҢ БІРІ «ЖАС АЗАМАТ» ГАЗЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Жумагелдин Ж.Ш.

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, филология магистрі,
аға оқытушы*

*Алиымбекова Н.М.
№66 мектеп-лицейі*

Ұлттың ұлт болып қалыптасуының басты шарты – туған халқының тарихын жете меңгеру. Кейінгі толқын ұлттың тарихын танып, анасының ақ сүтімен бойына дарыған тілі мен сөз, өнерін меңгермесе, халқының азаттығы мен егемендігі жолында жанын құрбан еткен тұлғаларды білмесе оның келешекке нық қадам баса алмайтындығы бесенеден белгілі. Кейінгі толқын тарихтан тағылым алмайынша, жарқын болашаққа бет алуы екі талай. Егемендігімізді алып, өз алдымызға дербес мемлекет болып қалыптасқанға дейінгі уақытта қазақ халқы өз ұлтының тарихын танып, біле алмай, тарих беттеріне үнілуге де тыйым салынған еді. Ұлтсыздандыруды басты ұран етіп қалған кеңестік жүйе бір кездері халық жады мен санасынан «Алаш» деген ұғымды да жойғысы келді. «Ұранға Алаш деген сөзді алып», «қараңғы қазақ